

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС мәжілісінің 2024 жылғы 01 қазандағы ҚАУЛЫСЫ**

1. Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың «2024/2025 жылына білім алушыларды университетке қабылдау нәтижелері» туралы ақпаратын тыңдап, талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қабылдау комиссия жұмысын тиімді жүргізу мақсатында арнайы департамент құру мәселесі қарастырылсын;
- Маркетинг басқармасына:**
2. Университеттің қабылдау науқанын үйлестіретін жаңа ереже мен кәсіби бағдар стратегиясын әзірлесін;
- Қабылдау науқаны барысындағы орын алатын іс-шараларға қаражатты алдын ала жоспарлап, өтінім беру жолға қойылсын.
- Факультет декандары мен институт директорына:**
3. Университеттің кәсіби бағдар жұмысын оқу жылы бойы орта білім ұйымдарымен тығыз серіктестікте жүйелі негізде жүргізілсін.
- Цифрландыру жөніндегі проректор Н.Б.Мусабаевқа:**
4. Университеттің қабылдау комиссиясы барысындағы барлық үрдістерді цифрландыруға көшу қамтамасыз етілсін;
- Халықаралық байланыстар департаментіне:**
5. Шетел азаматтарын тарту географиясын кеңейту мен кәсіби бағдар жұмысын жандандыру жалғастырылсын.

2. Әлеуметтік даму жөніндегі проректор М.Д.Жақауовтың "2024-2025 оқу жылының әлеуметтік жұмыс және жастар саясатын дамыту жоспарын бекіту" туралы ақпаратын тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2024-2025 оқу жылының әлеуметтік жұмыс және жастар саясатын дамыту жоспары бекітілсін.
2. Жылдық жоспар бюджеті, Басқарма отырысына ұсынылып талқылансын, шешімі анықталсын.

3. Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е.Сұлтаннның «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ жанындағы Диссертациялық кеңестерді құру және тұрақты құрамдарын бекіту туралы баяндамасын тыңдай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректорының 04.07.2024 ж. №05-04/505 бұйрығымен бекітілген «Диссертациялық кеңес» туралы Ережесін жүзеге асыру мақсатында докторантураның келесі білім беру бағдарламалары (мамандықтары) бойынша Диссертациялық кеңестер құрылып, тұрақты құрамдары бекітілсін:

- 1) 8D012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (6D010100 - Мектепке дейінгі білім және тәрбие);
- 2) 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау (6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі);
- 3) 8D011 – Педагогика және психология (6D010300/8D01101 - Педагогика және психология);
- 4) 8D019 – Арнайы педагогика бойынша мамандарды даярлау (6D010500 - Дефектология/ 8D01901 - Арнайы педагогика мамандарын даярлау);
- 5) 8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011100 - Информатика);
- 6) 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау (6D011700/8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті);
- 7) 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау (6D011800/8D01702 - Орыс тілі мен әдебиеті);
- 8) 8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 - Биология), 8D051 - Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700/8D05101 - Биология);
- 9) 8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011600/8D01515 - География) және 8D052 - Қоршаған орта (6D060900/8D05203 - География);
- 10) 8D016 – Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011400/8D01601 - Тарих);
- 11) 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011200/ 8D01510 - Химия) және 8D053 – Физика және химия ғылымдары (6D060600/8D05301 – Химия);

- 12) 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтерді даярлау (6D010900/8D01501 – Математика, 6D011000/8D01504 – Физика);
- 13) 8D053 – Физикалық және химиялық ғылымдар (6D060400/8D05302 - Физика);
- 14) 8D023 – Тілдер және әдебиет (6D021300/8D02314 - Лингвистика);
- 15) 8D054 – Математика және статистика (6D060100 / 8D05401 - Математика);
8D023 – Тілдер және әдебиет (6D020500/8D02301 – Филология, 6D021400/8D02308 – Әдебиеттану).

4. Бас ғалым хатшы М.Абсатованың "Университет Ғылыми кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту" туралы баяндамасын тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Университет Ғылыми кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

5.Әртүрлі.

6. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау мақсатымен жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



[Handwritten signature]

Б.А.Тілеп

[Handwritten signature]

М. А. Абсатова